KOZYBAYEV UNIVERSITY

ПАРАСАТ

№10(14), 15.11.2022

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЁТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА

ҚАЛАМЫҢ ЖҮЙРІК БОЛСЫН, ЖАС ЖУРНАЛИСТ!

«Парасат» газетінің осы санында Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Журналистика» кафедрасында білім алып жүрген 2-курс студенттерінің өздері таңдаған мамандықтары туралы ой-толғаныстарын жариялап отырмыз.

«Журналистика» кафедрасы 2-курс студенттерінің назарларыңызға ұсынылып отырған бұл жұмыстары «Жастар бұқаралық ақпарат құралдарындағы білім берудің стратегиялары мен технологиялары» пәні бойынша жазылған.

Пәннің оқытушысы – филология ғылымдарының кандидаты (PhD), доцент (Associate Professor) Мырзантай Қожабайұлы ЖАҚЫП.

Бүгінгі жас талап – болашақ жас журналистеріміздің қадамдары сәтті, қаламдары жүйрік, өздері батыл болуларына тілектестігімізді білдіреміз!

Книга - лучший подарок

В стенах СКУ им. М.Козыбаева состоялось мероприятие, призванное почтить память заслуженного медицинского работника, выдающегося специалиста, новатора торакальной хирургии Северо-Казахстанской области - Турсунбая Бекмаханова. А поводом к чествованию врача стала передача в дар университета более сотни ценных и эксклюзивных экземпляров медицинской литературы из его личной библиотеки. Турсунбай Бекмаханов отдал медицине 51 год своей жизни, 28 из них заведовал отделением торакальной хирургии областного противотуберкулезного диспансера. Больше о жизни выдающегося земляка молодым людям рассказала его супруга. Определить интеллектуальное наследие в вуз решила его жена. Она рассказала, что долго думала о том, как сделать так, чтобы книги и дальше служили во благо. Ведь она считает, что именно постоянное совершенствование знаний сделало из ее супруга настоящего профессионала. "Мой муж был вторым Чеховым, казахским. Это был настолько интеллигентнейший человек. Скромный, сдержанный. Он проходил специализацию и в Москве, и в Ленинграде, етстественно в Алмате, потом уже и в Астане. Он постоянно занимался совершенствованием своего профессионализма", - поделилась Флора Бекмаханова. Не секрет, что Северо Казахстанская область богата выдающимися деятелями всех отраслей. Потому администрацией вуза запланирован целый блок мероприятий, связанных со знакомством с знаменитыми земляками в рамкках програмы "Рухани Жангыру".

Карина Негметова

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ЕҢБЕК ЕТЕМІН

Мамандық таңдау бей-жай қарайтын дүние емес. Мен бұл дүниені кішкентай кезімнен бастап ескердім. Және болашағымның жарқын болуы үшін әуел бастан еңбек еттім.

«Болашақта кім боламын? Ол мамандықты жан-тәніммен беріліп істей аламын ба? Қызығушылығым кеміп қалмай ма?» деген сұрақтарды өзіме жиі қойдым.

«Журналист» деген ұғымды таудай деп елестеттім. Көз алдыма ақиқатты айтушы, ешкімнен қорқақтамайтын, қалың бұқараның үлкен мәселесін шешіп бере алатын, құзырлы органдарға сөзін өткізе алатын тұғыры биік тұлға келді.

Дана Абай атамыздың: «Болмасаң да ұқсап бақ», - деген сөзін жадыма мәйек етіп, санама арқау қылдым. Өсе келе журналистердің барлығы дерлік мінсіз, ұлтжанды болмайтынын аңғардым. Әрине, бұған көңілім құлазыды. Десек те, бұл ақпарат арманыма тосқауыл бола алмады. Керісінше, маған үлкен қанат бітірді.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев айтқан «Жаңа Қазақстанды» құруға ат салысамын. Бұл идеалды әлемде тілшілер, арам ақшаға сатылмай, халық үшін, шындық үшін күресетін болады. Қазақстан елінің азаматы болғандықтан, «Өз Қазақстанымды» құруға анық қадам жасаймын. Адам ретіндегі де, журналист ретіндегі де менің парызым нақ осы.

Мұхтар Шахановтың: «Үлкен Адам болу үшін ғаламда, үлкен Арман керек Адамға», - сөзі менің журналистік жолымдағы басты ұстанымым. Әлемде 7 млрд. адам бар. Бірақ 7 млрд. арман жоқ.

Қазіргі таңда 2-курс студентімін. Мен тек тілші ретінде қызмет жасағым келмейді.

Менің ойымша, тілші болу – өзіңе тәжірибе жинау. Ал, алдында тұрған айқын мақсаттарды жүзеге асыру үшін одан да биік тұлға болу қажет. Жекеменшік, ешкімге тәуелді емес телеарна ашқым келеді. Мендегі ең биік мақсат – Президенттің баспасөз хатшысы лауазымына тағайындалу.

Балалық шағымда үлкен Аснурияны елестеткенде осы қызметкер көз алдыма келді. Сондықтан ойланбастан журналист мамандығын таңдадым. Және бұл шешіміме титтей де өкінбеймін!

Аснурия АБДУЛА

ТУҒАН ЖЕРІМДІ ДАМЫТҚЫМ КЕЛЕДІ

Мен журналист мамандығын таңдаған себебімді айтайын. Бала кезден журналистика саласына қызықтым.

Алдымен журналистика саласының ерекшеліктеріне тоқталсақ, ол – қиындығы мен қызығы қатар жүретін жауапты сала. Журналистиканың қыр-сырларын түсіну, білу, үйрену кез-келген адамның қолынан келе бермейді десем артық айтқаным емес.

Менің қазіргі алға қойған мақсатым – ең алдымен толықтай білім алып, журналистика саласының қыр-сырларын үйрену. Үйренгенімді тәжірибе жүзінде қолдана білу. Ал енді журналистика саласын неге таңдап, қызыққанымды айтып кетейін.

Менің туып-өскен жерім Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Теректі ауылы. Менің ауылымның табиғаты өте керемет, табиғатына келген адамның тамсанбай кетуі мүмкін емес.

Бірақ ауылымның жолы өте нашар. Келген қонақтардың көбісі осы жолдан қиналатыны белгілі. Бұйырса, мықты да, білікті журналист болып, ауылыма жол салынуына, ауылымды көркейтуге үлес қосамын. Әрбір адамзат туып-өскен жерін гүлдендіріп, көркейтуге атсалысуы керек деп ойлаймын.

Журналистика саласын неге таңдадың деп сұрасаңыз, халықтың жан айқайын ұғатын, тілдесетін, батыл да, шыншыл, ешкімнен жасқанбайтын, қаймықпайтын журналист болғым келеді. Міне, осы үшін де журналистика саласын таңдап, арманыма қол жеткізу үшін бет бұрғаным бұл салаға.

Қазіргі кезде көбісі журналистерді өсекші деп санайды. Алайда бұл пікірмен мүлдем келіспеймін. Неге десеңіз, журналист тек халықтың мұңын тыңдап қана қоймай, қоғаммен де үндеседі.

Бұл жерде мен не айтқым келді, нені дәлелдегім келді, соған тоқталсақ. Өсек тарататын, халық пен биліктің арасына от тастайтын журналист емес екенін айтқым келеді. Әрқашан да Қазақстанда бейбітшілік орнап, халық пен биліктің тату болғанын қалайтын журналист емес пе еді?! Ендеше, олай айтуымызға не себеп?

Халықтың жан айқайын, шырылдағанын көре тұра, оны жүрегімен сезіне алмаса, ол адамнан нағыз журналист шықпайды деп ойлаймын.

Енді өзім туралы қысқаша айтып кетуді жөн көріп отырмын. Мен қазіргі таңда Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің 2-курс студентімін. **(Соңы 3-бетте).**

(Басы 2-бетте).

Журналистика мен үшін ең қызықты да, жауапты сала. Болашақта Қазақстандағы жаңалықтарды жүргізіп, шындық пен ақиқатты жеткізіп, алға қойған армандарымды орындаймын.

Асылхан АБЫЛАЙХАНҰЛЫ

МАҚСАТЫМА ЖЕТУГЕ КҮШ САЛАМЫН

Әр адам бұл өмірде өз алдына мақсат қойып, өмір бойы сол мақсатқа жету үшін жұмыс жасайды. Мен де өз алдыма кішкентай күнімнен қойған мақсатым, ол – мықты да білікті журналист болу. Сол мақсатымды орындау үшін бала күннен өзімді шығарма, эссе жазуға бейімдей отырып, сонымен қатар мәнерлеп оқып, шыңдалып жүрдім.

Жалпы мен не үшін журналистика мамандығын таңдадым?

Біріншіден, журналистикада сіз өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізді дамыта аласыз. Өйткені сізге оқырманды қызықтыратын шығарма, мәтін жазу керек болады. Тек қана жазып емес, сонымен қатар камераға түсіре білу керек. Бұл мамандық иелері көп жағдайда көпшілік алдында сөз сөйлеуге бейімделеді. Бұл дегеніміз – адамның шешендік, қарым-қатынас дағдылары дамиды.

Екіншіден, журналист – ол күнделікті өмірде қандай жаңалықтар болып жатқанынан хабардар етіп, халыққа жария қылады. Өз жұмысында әр кез қызықты адамдармен кездесу мүмкіндігі туады. Бұл дегеніміз жаңа танысулар, жаңа білім, тәжірибе, жағымды сезімдер. Міне, осылайша журналист күн сайын өз-өзін дамытады.

Үшіншіден, журналистің өмір жолы. Жаңа ақпарат толқынында болу, әртүрлі оқиғалар ортасында жүріп, адамдармен араласу, саяхаттау және көптеген іс-шараға қатысу. Өмірдің мұндай жылдам қарқыны мені жалықтырмайды.

Міне, осы үшін де мен журналист болғым келеді. Мақсатымды жүзеге асыру жолында алған бетімнен қайтпауға тырысамын және мықты журналист болу жолында ештеңеден тайынбаймын.

Асар ЕРБҰЛАН

КӨП ОҚЫП, КӨП ҮЙРЕНУІМІЗ КЕРЕК

Менің ойымша, журналист – өте жауапты мамандық. Ол қажырлы еңбек пен шығармашылық қабілетті талап етеді. Меніңше, бұл жұмыс менің болашағымның бастамасы.

Неліктен мен журналистика мамандығын таңдадым?

Менің жауабым күлкілі болып көрінуі де мүмкін. Бірақ менде талант бар, яғни осы мамандықты сәтті игерудің туа біткен қабілеті бар деп ойлаймын. Мен осы салада үлкен жетістіктерге жетемін деп сенемін.

Мен эссе, әңгімелер, очерктер жазғанды ұнатамын. Маған тіпті жазушылық қабілетім бар екенін айтқан. Сонымен қатар, менде әдептілік, табандылық, қызығушылық, аналитикалық ойлау, шығармашылық және тапқырлық сияқты қасиеттер бар.

Әрине, мен әлі көп нәрсені үйренуім керек. Бірақ осы мақсатта мен болашақ журналист ретінде ақпаратты шынайы және бай етіп көрсетуге үйрететін Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне оқуға түстім.

Менің ойымша, кез-келген жағдайда ең бастысы – мақсат және талпыныс. Алға мақсат қойып, сол мақсатқа талпыныс жасау – адамның бойында сенімділік ұялатады. Соның арқасында адам биік белестерді бағындырып, үлкен шындардан көрінеді. Ойымды қоры-тындылай келе, мамандық таңдау кезінде адам өзінің ішкі жаң дүниесіне жақын затты қарастыруы керек. Сонда ғана мамандық бойынша жұмыс жасау сізге ұнайтын болады. Сайып келгенде, өмірге қанағаттану жоғары болады.

Жангелды ЖАМАЛИЕВ

МЫҚТЫ МАМАН БОЛУҒА ТЫРЫСАМЫН

Журналистика – қызықты сәттерге толы, күнде бір жаңа оқиғалармен өмірімді әрлейтін сала. Мені көп оқуға, ізденуге, сауатты жазуға, дұрыс сөйлеуге жетелеп, алға тартқан мамандықтардың бірі.

Журналистер кез-келген ақпаратты қоғам назарына жалт еткізіп айта бермейді. Керісінше, халыққа пайдалы, ой-санасын дамытатын, тарихи танымдық бағдарламалар, мәдениет байлығын қозғайды. Осы арқылы ащы шындықты көрсетеді.

Өмірге қауіпті жаман жақтары да бар. Бірақ ойланып, нағыз маман ретінде әрекет етсең, ештеңеден қорықпайсың. Әр саланың өз қиындықтары бар. Сол себепті де өз саланды шын жүректен жақсы көріп, әрекет жасау керек.

Жалпы мен не үшін журналист мамандығын таңдадым? Себебі бала

(Соңы 4-бетте).

МЫҚТЫ МАМАН БОЛУҒА ТЫРЫСАМЫН

(Басы 3-бетте).

күнімнен осы салаға қызығатынмын. Журналистердің экран алдында өздерін ұстаулары, қимылдары, сөйлеген сөздері бәрі-бәрі маған өте қызық болатын. Халыққа көмектесетін бағдарламалары, көрсететін жаңалықтарының өзектілігі қатты ұнаған. Сол сәттен бастап микрофон ұстап, халықтың алдында отыратынымды, тынбай жаңалық айтатынымды елестететінмін.

Қазақстанға еңбегі сіңген аға-әпкелерімнен интервью алғым келетін. Міне, сол бала арманыма қазір бір қадам жақындағандаймын. Бүгінде «Журналистика» мамандығының 2-курс студентімін. Осы уақытта барлығын білемін деп айта алмаймын, бірақ үйренгенім көп болмаса да, аз емес. Сабақ барысында қазір түрлі сюжеттер жасап, студенттерден сұхбат аламын. Осының өзі мен үшін үлкен дәреже.

Бірақ осымен тоқтап қалуға болмайды. Әрекет жасап, мықты журналист болуға, халыққа тек шынайы ақпарат беретін маман болуға тырысамын.

Дариға ҚУАНЫШ

АЛҒАШҚЫДА ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫН ТАҢДАҒАН ЕДІМ...

Мен болашақ мамандығымды таңдай алмай, біраз қиналдым. Бала кезімдегі арманыммен құқық қорғау саласы мамандығына түскім да келді. Бірақ уақыт өте келе мен 9 сыныпта журналист мамандығын таңдауды шештім. Себебі мен өмірде болған қызық оқиғаларды айтуды, оны ұялы телефоныма түсіріп алғанды ұнататынмын. Және өзімді экранның алдында көргім келетін. Сол кездерде, яғни 11-сыныпта өзімді журналистика мамандығына дайындадым.

Осылайша армандар орындалады, менің де арманым жүзеге асты.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Журналистика» мамандығына оқуға түстім.

Журналистика – қызығы мол, жан-жақты, әрдайым уақытты талап ететін жауапты сала. Ал жақсы, білікті журналист болу үшін, менің ойымша, еңбекқор, жауапкершілігі жоғары, сөздік қоры мол, тіпті айтқан сөзі қызықты, өзіне тартатындай болу керек.

Мен мамандығымды үлкен деңгейге шығарып, Қазақстан журналистерінің даңқын көтергім келеді. Сол дәрежеге жету үшін мен көп жұмыс жасап, өзімді сол қойылған мақсатыма дайындап, жеткізуге тырысамын.

Ойымды қортындылай келе, мен журналист мамандығын қаншылықты маңызды екендігін және өз болашақ мамандығымды дұрыс таңдай білген жөн екендігін айтқым келеді. Өз ісімнің ше-бері болып осы саланың абыройын одан ары асқақтатқым келеді. Мен журналистика мамандығын жақсы көремін.

Аружан АСАУ

ЖУРНАЛИСТ БОЛУДЫ КІШКЕНТАЙ КЕЗІМНЕН АРМАНДАДЫМ

Адам өмірінде ең маңызды таңдауды дұрыс жасай білуі керек. Біріншісі – мамандық, екінші – жар таңдау. Айтып отырған екі дүние де адам өмірінде айрықша орын алады.

Әлемде 40000-ға жуық мамандық түрлері бар, олардың саны көп болғанымен, жүрегіне жақынын табу қиын. Жүрегіңнің қалауымен сүйікті ісіңді істегенге не жетсін.

Өзіме келетін болсам, мен журналист болуды кішкентай кезімнен армандадым. Отбасымен теледидар көріп тамсанатынмын. Есейгендік дейін бе немесе ата-анамның қолдауының болмауынан ба, бұл қызығушылығым басылғандай болды.

Бірақ сонда да мектеп қабырғасында шығарма, мақала жазудан, олимпиадаларға қатысудан тартынбайтынмын. Жүлделі орындарға ие болғанда отбасым, әсіресе, анам марқайып қалатын. Анамның қуанышы мен үшін үлкен жетістік. Ауылдастарым шығармашылыққа жақын екенімді білгеннен кейін бе, «Журналист болады» деп жиі айтатын. Құлағыма әбден сіңген сөздер шынымен орындалады деп күтпедім. Бірақ әрине, қуаныштымын.

Қазіргі уақытқа келетін болсам, бұл мамандықты бұрынғыдан тереңірек түсінгендеймін. Әрбір тәжірибеден кейін құлшынысым артпаса кеміген емес. Мен журналистика саласындағы өтірік пен

(Соңы 5-бетте).

(Басы 4-бетте).

шындықты араластырмайтын, тек әділдіктің жағында, екі сөйлемейтін тілші болсам деймін.

Журналист – адам мен қоғамды байланыстырушы көпір. Бұл мамандықтың қоғамдағы маңызы өте зор. Журналистика – күш, ашық пікір, шынайы мінез, тұңғиық ой, талғампаз көзқарас анық көрінетін бірден бір мамандық.

Журналист – қоғаммен байланыс үзбейтін халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

Ақжүніс МҰХАТАЙ

ХАЛЫҚТЫҢ МҰҢ-МҰҚТАЖЫН ЖЕТКІЗГІМ КЕЛЕДІ

«Журналист – нан таратушы сияқты. Нан халыққа қаншалықты қажет болса, нан таратушы да соншалықты нанды тұтынушыларына таратады.

Журналист те қоғамның әрбір мүшесі үшін ақпарат таратады және оның ақпараты адамның өмірінде өте маңызды», - деп жас журналист Мұхаммеджан Болатұлының айтқаны бар еді.

Журналистика жәй ғана қызығып қоя салатын мамандық емес, ол жұмысты, көп ізденісті талап ететін, сырттай қызығушылықты емес, шынайы махаббатты қалайтын мамандық. Егер қажет болса, журналист қоғам үшін экономист те, саясаткер де, спортшы да, дәрігер де бола білуі керек. Себебі ол барлық ақпаратты, мамандықтарды, оқиғаларды өзі жан-жүрегімен сезіне білуі тиіс. Сонда ғана жұмысы жемісті, өтімді болады.

Журналистің ойы ұшқыр, кез келген жағдайға дайын, төзімді болуы қажет. Ақпарат көзі қайда болса, сол ақпаратты бірінші болып халыққа жеткізудің жолдарын қарастыруы керек. Әрдайым шындықты айтып, өзінің «төртінші билік» өкілі екенін ұмытпауы тиіс.

Мен журналистика мамандығына ғашық болып, осы оқуға түстім. Қандай да болсын журналистикалық салада жұмыс жасағым келді. Әкем экономист боласың деп қайраған сайын, журналистикаға деген тұншыққан сезімім үдей берді.

Бағым жанып, осы мамандыққа оқуға түстім. Атағы жер жарған журналист боламын деп айта алмаймын. Бірақ жерде қаламын демеймін, барынша халық игілігі үшін аянбай еңбек еткім келеді.

Бұл мамандық үлкен бір ғылыми энциклопедия сияқты. Бетін аша берсең, жаңа ұғымдар шыға береді, шыға береді. Энциклопедияның бетін шатастырып оқып алсаң, бар мәліметтен жаңылатының секілді, журналистиканы дұрыс меңгермесең өзіңнің де, өзгенің де сорына айналасың.

Бұл журналистика деген энциклопедияны толық меңгерген адам жоқ, сірә. Ал Қазақстанның мықты журналистері кімдер деп қарастыратын болсақ, санына келгенде саусақпен санарлықтай ғана деп айтар едім. Себебі білімі мықты болса да, кейіннен қоғам үшін емес, өз мүддесі үшін жұмыс жасап, оңбай жаңылысып, балды – майға, суды – лайға айналдырып жіберетіндер көп.

Журналист әрдайым халық назарында болады. Сол сияқты халықтың әр тынысы да журналист назарында болады. Мейлі түнде, мейлі боран мен аязда, ит өлген жердей алыстан болса да, кез келген жағдайда ақпарат жинап, дайындау үшін журналистің қағазы мен қаламы сақадай сай дайын тұруы керек. Жауапкершілікті көп қажет ететін мамандықты таңдағаным да сол себепті. Халықтың мұқтажын билік орындарына кез келген уақытта, кез келген жағдайда жеткізіп тұрғым келеді.

Тұғырлы еліміздің тәуелсіз журналисі болып, дербес ақпарат жинап, өзгеге бас имейтін текті жұртымызға ұсынсам деген мұратым бар.

Медет ҚУАНЫШБЕКОВ

ШЫНАЙЫ АҚПАРАТТАРДЫ ЖАРИЯЛАСАМ ДЕЙМІН

Журналистиканың қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Ол – көп ізденіс пен мол білімді қажет ететін сала.

Бұл мамандықты таңдаудағы басты мақсатым – ой еркіндігі мен сөз бостандығына қол жеткізіп, бүгінгідей біздің қоғамға шын жаңалықтарды айта алатындығы. Журналистика саласында білікті маман болу – арманым. Сонымен қоса қазақ журналистикасының әлемдік деңгейге көтеріліп, қазақ журналистикасын әрі қарай дамытуға үлес қосқым келеді.

Қазіргі таңда азаматтық журналистиканың жаңа медиа бағыты қарқын алып келеді. Өткені бүгінде жұртшылық БАҚ-қа қарағанда ғаламторды көбірек көреді.

Бүгінде жалған ақпараттар легі тараған заманда журналистер өмірдің ақ-қарасын ажыратып, халыққа шынайы ақпаратты жеткізіп, адаспауына өз үлесін қосып жатыр .

Қорытындыла келе, мен болашақта адал, мықты журналист боламын. Сондықтан да мақсатыма жету үшін өз күшім мен үлесімді қосамын.

Дана МҰХАМЕТЖАНОВА

БАЛА КҮНГІ АРМАНЫМ ОРЫНДАЛДЫ

Журналистика мен үшін өте қызық мамандық. Журналист болуға менің қызығушылығым бала күнімнен оянды. Теледидардан көптеген бағдарламаларды көріп, журналист болғым келді.

Ата-анам менің әскери адам болғанымды қалады. Бірақ мен одан бас тарттым. Міне, көздеген мақсатыма бір табан жақындадым. Петропавл қаласындағы Қозыбаев университетіне оқуға түстім. Қазір екінші курста оқимын.

Журналист болғым келіп жүргенде өзімді басқа қырымнан аштым. Мен өзімді оператор ретінде жақсы көрсете білдім. Қазір осы бағытта ары қарай ізденіп, қабілетімді дамытып жатырмын. Осы оқу орнын бітіріп, қазақ еліне танымал журналист болып қызмет етсем деген үлкен арманым бар.

Әр адамның өміріндегі ең маңызды, әрі жауапты таңдаулардың бірі – болашақ мамандықты таңдау. Менің ойымша, әр адам өз жүрегінің қалауына сеніп, мамандығын таңдауы қажет. Осы тұста мен мамандық таңдауда қателеспегеніме толықтай сенімдімін. Мамандықты дұрыс таңдау – өміріміздің бір кірпішін дұрыс қалау.

Журналистика – қиындығы мен қызығы мол, жан-жақты білімділікті, әрдайым ізденісте болуды талап ететін сала.

Журналистика саласын таңдаудағы себебім де бар. Мені осы салаға қызықтырған осыдан бірнеше жыл бұрын өмірден өткен қазақ елінің намысын көтерген Бейсен Құранбек ағамыз болатын. Бейсен ағамыздын әр бағдарламасын үзбей көретінмін. Міне, сол кісінің арқасында менің осы мамандыққа деген қызығушылығым пайда болды. Менің үлгі тұтар журналисім – Бейсен ағамыз еді.

Журналист бола салу оңай емес. Ол үлкен еңбекті қажет етеді. Ең бастысы, сөйлеу мәнері, өз ойыңды нақты жеткізе білу өте маңызды. Егер де журналистика саласына қызығушылар болса, оларға айтарым, журналистика – көп еңбекті қажет ететін сала.

Мұрсат ҚАБДЕНОВ

ЖУРНАЛИСТИКА БАТЫЛДЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Адам өміріндегі жауапты сәттердің бірі – мамандық таңдау. Жалпы бұл өмірде екі нәрседен қателеспеу керек деген ұғым бар. Бірі өмірлік мамандығын, екінші өмірлік серігін дұрыс таңдау – әрбір азаматқа сын.

Менің ойымша, әрбір адам өз түйсігіне сеніп, жүрек қалауымен болашақ мамандығын таңдауы керек. Осының бәрін түсіне отырып, мамандық таңдауға мен де бар ынта-ықыласыммен кірістім.

«Мен кіммін?», «Кім болам?», «Адам өміріне, халқыма, елге қалайша өз пайдамды тигізем?» - деген сұрақтарды өзіме жиі қойғанмын.

Ғалымдардың зерттеуінше, адам санасын гуманитарлық және физика-математикалық деп бөледі. Мен өзімді гуманитарлық, яғни шығармашылық бағыттамын деп санаймын. Себебі мектеп қабырғасында түрлі олимпиадаларға қатыстым. Абай, Мағжан, Қожаберген оқуларына, шығарма, эссе, поэзия оқып, өнермен белсенді айналысуды, билеуді, сурет салуды жақсы көремін.

«Журналист боламын» деген ой 10 сыныптан бері менімен бірге санамда жүрді. Бұл ой маған ғайыптан, не болмаса, ата-анамның қалауынан келген жоқ. Қазіргі жүректегі «Журналист боламын» деген жалындаған от бала кезімнен тұтанып, жүрегімнің түпкірінен орын алған болатын.

Бірақ анам секілді мұғалім боламын немесе заңгер болам деген оймен жүрдім. Дұрыс па, бұрыс па, мамандық табуда әбден шаршаған болатынмын.

Дегенмен де, жүрек қалауымен журналист болуға бел будым. Бала күнімнен теледидарда сөйлеп жатқан аға-әпкелерімнен үлгі алып, олардың сөйлеу мәнеріне қызығып, ғашық болдым.

Қазір біраз еңбектеніп, жұмыс жасап, бойымдағы шығармашылық қабілеттерімді дамытып жатырмын.

Журналистика – қиын да, қызықты мамандықтардың бірі. Тапқырлықты, шыдамдықты, батылдықты талап ететін мамандық.

Мен қарапайым журналист емес, жаһандық деңгейде танымал қазақ журналисі болуды армандаймын, мақсат етемін. Бұл мақсатыма талай жұмыс жасап, еңбек ету керек. Дегенмен еш нәрседен қорықпай, өз арманыма жетемін деп сенемін.

Альбина ТҰРҒЫНБЕКОВА

KU жаңалықтарын ku.edu.kz
сайтында бірінші болып оқыңыз

ӨМІР АҚИҚАТЫН ШЫНАЙЫ ЖЕТКІЗЕЙІК

Мен не себепті журналист мамандығын таңдадым? Журналистика – мен үшін орны бөлек ерекше сала.

Бала кезімнен армандадым деп айтпаймын. Бірақ 10-сыныпта оқып жүрген кезімде ойлана бастадым. Теледидардан тілшілерді көріп, өзімнің қызығушылығым арта түсті.

Менің ойымша, журналистика мамандығын таңдаған студенттер өз кәсібіне өте адал болуы керек. Сонымен қатар қағазы мен қаламы арқылы қорғансызға пана болып, әділеттілікті жақтағанымыз жөн. Журналист қоғамдағы болып жатқан жағдайларды шынайы бет-бейнесімен халыққа жеткізу арқылы шынайы көрсетеді.

Мектепте оқып жүрген кезімде әр түрлі сайыстарға қатысып, өзімнің қызығушылығымды одан сайын арттыра түстім. Өзімнің қалаған мамандығыма оқуға түсіп, журналист ретінде сезініп, мамандығымды үйренудемін.

Болашақта басқа жастардың да осы мамандықты таңдауына ықпал етіп, халыққа, мемлекетке қол ұшын тигізермін. Әр түрлі телесюжеттер түсіріп, журналистикаға деген көзқарасым кеңейіп, құлшынысым одан сайын арта түсті.

Журналистика – қиын да, қызықты мамандықтардың бірі. Тапқырлық, шыдамдылық пен батылдықты қажет ететін мамандық. Дегенмен қызығы мен шыжығы бірге жүретін ерекше мамандық.

Меніңше, журналист еңбекқор болуымен қатар, жауапкершілігі мол, ана тіліміздің жанашыры болуы тиіс. Адам мен қоғамды байланыстырушы көпір деп айтуға болады. Бұл мамандықтың қоғамдағы рөлі орасан зор. Өзім үшін Қазақстанның атақты журналистерінің қатарына қосыламын деп мақсат қойдым. Әрі сол мақсатқа үлкен табандылықпен жетемін деген үміттемін.

Қорыта айтқанда, білікті журналист болу үшін біз көп оқып, көп біліп, өмір көріністерін дәлме-дәл, боямасыз, шындықты ту етіп, халыққа жеткізу арқылы ғана мақсатымызға жете аламыз. Сол үшін әрқашан шынайы, адал болуымыз қажет.

Райхан ҚАЙРОЛЛА

ЖАСТАРДЫ ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде «Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқып жүрген 2-курс студенттері «Жастарды қандай мәселелер толғандырады?» деген тақырыптағы пікір-тұжырымдарын ортаға салды.

Филология ғылымдарының кандидаты (PhD), доцент (Associate Professor) Мырзантай Қожабайұлы ЖАҚЫП жүргізетін «Жастар бұқаралық ақпарат құралдарындағы білім берудің стратегиялары мен технологиялары» пәні бойынша жазылған Қозыбаев университетінің «Журналистика» кафедрасы 2-курс студенттерінің жұмыстарын «Парасат» газеті оқырмандарының назарына ұсынып отырмыз.

Аснурия АБДУЛА

- Әрине, әр заманның өз кемшілігі болады. Сондықтан жастарға да бір мүмкіндіктер жетпей тұратыны анық.

Мен ең алдымен студенттердің жағдайына тоқтала кеткім келеді. Ең бастысы – тұратын жер. Оқу үшін келген жастар тұратын үй таппай қиналады.

Жатақханаға кірейін десе, орын жоқ. Пәтер жалдайын десе, ақша жетпейді. Осы орайда, студенттің бар ойы оқу емес, ақша табу болады. Демек, жастар амалсыздан оқуын тастап, бар күшін жұмысқа салады.

Студенттердің басты мақсаты бұл болмауы қажет. Жастарымыздың алаңдамай білім ала алуы үшін бар жағдайды жасай білуіміз керек.

Келесі кезекте – жастарды жұмыспен қамту. Төрт жыл жоғарғы білім алып, үздік нәтижеге оқу бітірген жастардың өзі жұмыс таппай, саудамен не болмаса құрылыспен айналысып жүреді. Бұл – жарқын болашаққа бастар жол емес. Кез-кезген студенттің жұмыспен қамтылуын университет толық қадағалауы тиіс. Сонда қаржылық қиыншылықтар, дау-дамайлар азаяды.

Үшіншіден, тиісті жауапты орындар жастардың шетелге шыға алу мүмкіндігін оңайлатса екен. Ел көру, жер көру арқылы **(Соңы 8-бетте).**

(Басы 7-бетте).

жастар әлемге деген көзқарастарын өзгертеді. Жаңа идеялар туындайды. Қарапайым жастардың шетелге шығуға қаражаты, мүмкіншілігі жете бермейді. Тіпті көпшілігі үшін арман болып қалуы да ғажап емес.

Қорытындылай келе, бар зейінін оқуға салған жастардың болашағынан зор үміт күтуге болады.

Райхан ҚАЙРОЛЛА

- Қазіргі жастардың өмірі бірқатар өзекті проблемалармен сипатталады. Олардың ішінде жастарды жұмыспен қамту мәселесін ерекше атап өту керек.

Жастар – біздің қоғамдағы ерекше әлеуметтік топтың өкілдері. Олардың армандары асқақ, мақсаттары биік болғанымен, жеткілікті жұмыс тәжірибесі жоқ. Көбінесе еңбек нарығында талап етілмейтін болып қалады.

Мұндай жағдай халықтың жекелеген топтары үшін кедейлікке әкелуі мүмкін. Әрбір жас ұрпақ өзінің өмір жолын сынақтан өткізе отырып, дұрыс өмір сүруге үйренуді парыз санайды. Бұл – табиғи үдеріс. Өйткені әрбір келесі ұрпақ өзінше өмір сүреді.

Қоғам өзгеріп жатыр. Басымдықтар мен моральдық құндылықтар жылдам өзгеріске ұшырау үстінде.

Бір қарағанда қазіргі жастарда мүлде қиындық жоқ секілді. Олардың қарындары тоқ, ата-анасының қолы жетпеген бақытқа ие болып отырғандай көрінуі мүмкін.

Бірақ қазіргі жастардың проблемалары бар және олар біз ойлағаннан да тереңірек. Өз мақсаттарына жету үшін мүмкіндіктер таңдауы көп екеніне қарамастан, жас жеткіншектің дұрыс дүниетанымдық деңгейде қалыптасуы өте қиын.

Бүгінгі жастардың алдында күрделі өмір шындығы тұр. Махаббат пен достарды сатып алуға және сатып кетуге болатын ахуал ащы ақиқатқа айналған.

Сонымен бірге қайырымдылық, рухани тазалық, адалдық сияқты ізгі қасиеттер кейбір жастар үшін әлсіздік белгісі болып саналады. Бір-бірін менсінбейтін әдеттер қалыптасқан. Әр адам өзі үшін виртуалды жасанды әлем қалыптастырып алған. Мұндайда адамдар арасында қатыгездік пен жат сезім пайда болады.

Осындай қиын жағдайларда қазіргі жастар өте жиі адасып жатады. Адамгершілік қасиеттер төмендеп, өмірін қиындатады.

Бірақ қазіргі өскелең ұрпақ ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық дәстүрге сүйене отырып, өтірікті шынайы шындықтан ажыратып, тура жолды табатын күш-қуатқа ие болады деп сенгім келеді.

Аружан АСАУ

- Қалай десек те, бүгінде бізге, яғни қазіргі жастарға мол мүмкіндік жасалған.

Жастар өте қатты дамып келеді. Олардың ой-қабілеттері жақсы дамыған.

Қазіргі кезде жастарды мол табыс табу, жұмыс, білім, жаңа технологиялар ерекше қызықтырады. Бұл – менің ойым. Келіспейтіндер де бар шығар. Дегенмен шындық – осы.

Біз – жастар, болашағымызды қатты ойлаймыз. Бізде идеялар көп. Жас мамандардың да мақсаттары биік.

Қазір жастар көптеген жақсы істерді бастап жатыр. Бұл – мақтанарлықтай жағдай. Және біздің жастар шет елдерге көп барады. Білімдерін жетілдіріп, ағылшын тілін оқып-үйренуде.

Осындай жақсы мүмкіндіктерді біздің Қозыбаев университеті де жасап отыр.

Қорытындылай келе, бүгінде өзім қатарлас жастар өздері оқуға түскен мамандықтарын жақсы меңгеруге көңіл бөлсе екен деген ой айтқым келеді. Себебі бұл – өте маңызды және ең керекті кезең.

Дариға ҚУАНЫШ

- Жастар – еліміздің ертеңі, болашақтың кепілі.

Жастар – жаңа Қазақстан құруға себепші бола алатын бірден бір қуатты күш.

Аға ұрпақ өкілдері жастарға сеніммен қарап, әрбір бастамаларын барынша қолдап, қолдау көрсетіп келеді. Жаңа Қазақстанның өркендеуі, биік белестерді бағындыруы, дамыған мемлекеттердің алды болуы біздің, яғни білімді, білікті жастардың арқасында болмақ.

Бірақ қазіргі таңда жастарымыздың алғашқы басқан қадамдарына мемлекет тарапынан қолдау аз деп ойлаймын. «Неге?» деген сұрақ туындауы мүмкін.

Біріншіден, барлық мектептерде, колледждерде, университеттерде білім беру деңгейіне ғана мән беріп қоймай, жастардың болашақ кәсіптеріне қызығушылықтарын арттыратын үйірмелер көп болса, әр мамандыққа пайдалы техникалық жабдықтар жағынан қамтамасыз етілсе, оқуға деген қызығушылық артар еді.

Екіншіден, жоғары оқу орнын бітірген кешегі студент жұмысқа енді орналасқан кезде айлық жалақысы өте аз болады. Себебі сол салада бұрын-соңды жұмыс жасамаған, тәжірибесі жоқ жас маман болғандықтан. Бұл дұрыс емес. Керісінше, жұмысты жалғастырып, қызығушылығын арттыру үшін жастардың еңбек ақысын орта мөлшерден көтерсе жақсы болар еді.

Жастарды артқа тартып тұратын тағы бір мәселе бар. Ол – бұрынғы кез бен бүгінді көп салыстыру. Киім үлгісінен бастап жүріп-тұрыстарына дейін себепсіз сөз ету дұрыс емес. Әр адамның пікірі әр түрлі. Сондықтан бәріне де құрметпен қарау керек. Қазір жастардың ойлау қабілеті, өмірге көзқарастары, шешу жолдары мүлдем өзгеше. Жастар мәселесі өте ауқымды. Сол себепті де жастарға дұрыс бағдар көрсетіп, алға жетелеу керек.

(Жалғасы келесі нөмірде)

Место, где храниться история...

В 2006 году университету было передано здание – памятник истории и архитектуры Петропавловска, в 2010 году были произведены реставрационные и ремонтные работы. Открытие музея СКГУ им. М. Козыбаева в марте 2011 года было приурочено к комплексу мероприятий по празднованию 20-летия Независимости РК. Музей призван способствовать формированию у студентов гражданско патриотических качеств, служит целям совершенствования образовательного процесса средствами дополнительного обучения.

